

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 5 сәуір 1993 ж. N 263.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1992 жылғы 26 қыркүйекте Пекин қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынастары туралы

Келісім*

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 102-VIII Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім күшіне енген күннен бастап осы Келісім өз қолданысын тоқтатады ҚР 01.07.2024 № 102-VIII (қолданысқа енгізу тәртібін 20-б. қараңыз).

***(1993 жылғы 15 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 77-құжат)**

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталатын болады,

екі жақтың сауда-экономикалық қатынастарының ойдағыдай дамуына көңіл аудара отырып,

екі елдің арасында жолаушылар мен жүк тасымалдайтын автомобиль қатынасын тең және өзара тиімді негізде дамыту ниетімен,

төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында немесе Қытайда тіркелген автокөлікпен шекаралық пункттер арқылы және халықаралық автомобиль

қатынастарын жасауға арналған жолдармен екі елдің арасында жүйеленген және жүйеленбеген түрде жолаушыларды, туристерді қоса есептегенде, және жүкті автомобилімен тасымалдау жасалып тұрады.

I. Жолаушыларды тасымалдау

2-бап

1. Жолаушыларды жүйеленген түрде автобуспен тасымалдау Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының өзара келісімімен ұйымдастырылып отырады.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жолаушыларды жүйеленген негізде тасымалдау жөніндегі ұсыныстарын бір-біріне күн ілгері беріп тұратын болады.

Бұл ұсыныстарда тасымалдаушының (фирманың) қалай аталуына, жол маршрутына, қозғалыс кестесіне, тарифіне, тасымалдаушының жол бойында жолаушыларды отырғызып түсіретін пункттеріне қатысты мәліметтер, сондай-ақ тасымалдың белгіленген мерзімі мен жиілігін айқындайтын деректер болуы қажет.

3-бап

1. Осы Келісімнің 4 бабында алдын ала ескертілген тасымалдарды қоспағанда, екі ел арасында жүйеленбеген жолаушы тасымалдарын жасау үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдардың рұқсат қағазы болуы талап етіледі.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары рұқсат қағазын өз территориясынан өтетін шепке дейін ғана береді.

3. Жолаушылардың жүйеленбеген автобус тасымалының әр рейсіне жеке рұқсат берілуі керек, егер рұқсат қағазда басқадай ештеңе көрсетіліп жазылмаған болса, ол рейстің әрі барып, кері қайтуына ғана хұқы бар.

4. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жолаушылардың жүйеленбеген тасымалына берілетін рұқсат бланкілерінің өзара келісілген санын бір-біріне жылма-жыл беріп отырады. Ол қағаздарда құзырлы органдардың мөрі мен рұқсат беруші жауапты адамның қолы қойылуы шарт.

5. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары рұқсат бланкілерімен алмасудың тәртібін өзара келіседі.

4-бап

Бұзылған автобусты басқа көлікпен ауыстырғанда осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген рұқсат қажет болмайды.

II. Жүк тасымалдау

5-бап

1. Осы Келісімнің 6 бабында күні бұрын ескертілген тасымалдарды қоспағанда, екі ел арасындағы жүк тасымалдары Келісуші Жақтардың құзырлы органдары беретін рұқсат негізінде тіркемелі не тіркемесі жоқ жүк автомобильдерімен немесе жартылай тіркемесі бар ауыр сүйреткіштермен жасалып отырады.

2. Әрбір жүк тасымалына жеке рұқсат берілуі керек, рұқсат қағазда ештеңе жазылмаған болса, онда ол рейстің әрі барып, кері қайтуына ғана хұқы бар.

3. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жүк тасымалдауға берілетін рұқсат бланкілерінің өзара келісілген санын бір-біріне жыл сайын беріп отырады.

4. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары рұқсат бланкілерімен алмасудың тәртібін өзара келіседі.

6-бап

Төмендегі тасымалдардың атқарылуына осы Келісімнің 5 бабында көрсетілген рұқсаттардың болуы талап етілмейді:

а) жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған жәдігерлерді, құрал-жабдықтар мен материалдарды тасымалдауда;

б) спорт жарыстарын өткізуге арналған инвентарьлар мен мүліктерді, транспорт құралдарын, сондай-ақ жануарларды тасымалдауда;

в) кино түсіруге, радио және телевизия хабарларын ұйымдастыруға қажетті құрал-жабдықтарды, театр декорациялары мен реквизиттерін, музыкалық аспаптарды тасымалдауда;

г) қайтыс болған адамның мәйіті мен табытын тасымалдауда;

д) пошта тасымалдауда;

е) істен шыққан автокөлік құрал-саймандарын тасымалдауда;

ж) көшіп-қонған уақытта дүние-мүлікті тасымалдауда;

з) осы келісімнің 7 бабына сәйкес тасымалдауға рұқсаты бар жүктерді тасымалдауда.

Техникалық көмек көрсететін автомобильдердің жүруіне де арнайы рұқсат қағаз талап етілмейді.

Осы бапта көрсетілген тасымалдау жұмыстарын атқару кезінде автокөліктерде ұлттық жол қағаздары болуы қажет.

7-бап

1. Жүксіз немесе жүкпен келе жатқан автокөліктің сыртқы шектік көлемі мен салмағы екінші Келісуші Жақтың территориясында белгіленген мөлшерден артық болған жағдайда, сондай-ақ қауіпі жүк тасымалдағанда тасымалдаушы екінші Келісуші Жақтың құзырлы органдарынан арнайы рұқсат алуы керек.

2. Егер осы баптың 1 тармағында жазылған рұқсат қағазда автокөліктің нақтылы бір маршрутпен жүріп өтуі көрсетілсе, онда тасымалдау тек сол аталған маршрутпен жасалуы тиісті.

III. Жалпы ережелер

8-бап

1. Осы Келісімде қарастырылған тасымалдарды өз елінің ішкі заңдары бойынша халықаралық тасымалдарды атқаруға рұқсат алған тасымалдаушылар ғана жасай алады.

2. Халықаралық тасымал жасайтын автокөлікте өз елінің тіркеу және айырмашылық белгілері болуы шарт.

9-бап

Шекара маңындағы өзара қатынаста жүк пен жолаушы тасымалдау тәртібін Келісуші Жақтардың құзырлы органдары бірлесе отырып белгілейді.

10-бап

1. Тасымалдаушыға екінші Келісуші Жақтың территориясында орналасқан екі пункттің арасында жолаушылар мен жүк тасымалын жасауға рұқсат берілмейді.

2. Егер тасымалдаушы Келісуші Жақтың құзырлы органынан арнайы рұқсат алған болса, онда ол осы екінші Келісуші Жақтың территориясынан үшінші елдің территориясына, сондай-ақ үшінші елдің территориясынан екінші Келісуші Жақтың территориясына тасымал жасай алатын болады.

11-бап

Осы Келісімде көрсетілген жүк тасымалдары халықаралық үлгілерге сәйкес ұлттық жүк қағазы (накладная) бойынша жасалуы тиісті.

12-бап

1. Автобустың немесе жүк автомобилінің жүргізушісінде автокөліктің категориясына сәйкес келетін ұлттық болмаса халықаралық жүргізуші куәлігі, сонымен бірге автокөлікке берілген ұлттық тіркеу құжаттары болуы қажет.

2. Осы Келісімнің ережелеріне сай талап етілетін рұқсат қағаз бен басқа құжаттар тек сол құжаттарға қатысты автокөлікте болуы тиісті және құзырлы бақылау органдарының тілегі бойынша көрсетілетін болады.

13-бап

Осы Келісімде көрсетілген жолаушылар мен жүк тасымалдаудың практикалық мәселелерін Келісуші Жақтардың ұйымдары мен кәсіпорындары тікелей реттей алады.

14-бап

Осы Келісімге сәйкес жүргізілетін есеп айырысу жұмыстары екі елдің арасында тиісті мерзім ішінде күшін сақтайтын үкіметаралық төлемдер жөніндегі келісімдер шеңберінде немесе Келісуші Жақтардың тапсыруымен жасалған тиісті келісімдер бойынша атқарылады.

15-бап

Осы Келісім негізінде Келісуші Жақтың территориясы арқылы жолаушылар мен жүк тасымалдайтын екінші Келісуші Жақтың тасымалдаушылары және оны таситын автокөлік Келісімде көрсетілген рұқсаттарды алуға, жолдарды пайдалану және күтіп ұстауға, автокөлікті иеленуге, оны пайдалануға байланысты салықтан және тасымалдау жұмысынан түсетін табыс пен пайдаға салатын алым-салықтардан босатылады.

16-бап

1. Осы Келісім негізінде тасымалдау жасағанда Келісуші Жақтардың территориясына апарылатын заттардың ішінде мыналар екі жақта бірдей кеден салықтарын төлеуден және рұқсат қағазын алудан босатылады:

а) әрбір автокөліктің өзіне арналып, оның қозғағышын қоректендіретін жүйемен технологиялық және конструкциялық түрде тікелей байланысқан сыйымды ыдыстағы жанармай;

б) тасымал мерзімінде пайдалануға жетерлік мөлшердегі жағармай;

в) халықаралық тасымал жасайтын автокөлікті жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен керекті құрал-саймандар.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері қайтарылып әкелінеді, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер тиісті Келісуші Жақтың территориясында орныққан тәртіп бойынша ол елден не кері алынып кетілуі, не белгілі тиісті арнайы орынға тапсырылуы керек.

17-бап

Осы Келісім негізінде атқарылатын жолаушылар мен жүк тасымалдары келтірген залалы үшін тасымалдаушы үшінші жақтың алдында материалдық жауапкершіліктен міндетті түрде сақтандырған жағдайда ғана жасалатын болады. Тасымалдаушы көрсетілген тасымал жұмыстарын атқаратын әрбір автокөлік құралын әлгіндей жауапкершіліктен күні бұрын сақтандыруға міндетті.

18-бап

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауды жүргізуде Келісуші екі Жақ бірдей мүше боп саналатын көпжақты және екіжақты халықаралық шарттар мен келісімдердің ережелері қолданылатын болады, ал ол шарттар мен келісімдерде айтылмаған мәселелерді шешкенде Келісуші Жақтардың әрқайсысы өздерінің ішкі заңдарын қолданады.

19-бап

Ауыр науқасты адамдарды тасымалдағанда, жолаушыларды жүйелі түрде тасымалдағанда, сондай-ақ жануарлар мен тез бұзылатын жүктерді тасымалдағанда шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау кезексіз түрде жүргізілетін болады.

20-бап

Келісуші Жақтардың тасымалдаушылары өздерінің автокөлік құралы қай аумақта (территорияда) жүріп келе жатқан болса, сол елдің жол қозғалысы ережелері мен заңдарын қатаң сақтауға міндетті.

21-бап

Келісуші Жақтардың құзырлы органдары осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен тікелей байланысқа шығып, Келісуші Жақтардың бірінің ұсынысы бойынша жолаушылар мен жүк тасымалына берілетін рұқсаттар жүйесіне байланысты мәселелерді шешу үшін кеңестер өткізіп, сондай-ақ берілген рұқсаттарды пайдалану жөнінде бір-бірімен тәжірибе және ақпарат алмасып отыратын болады.

22-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ Келісуші екі Жақ бірдей мүше боп саналатын көпжақты және екіжақты шарттар мен келісімдерде реттелмеген мәселелер Келісуші Жақтардың әрқайсысының ішкі заңдарына сәйкес шешілетін болады.

23-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты шыққан барлық даулы мәселелерді Келісуші Жақтар өзара келіссөздер мен пікір алысу арқылы шешетін болады.

24-бап

Бұл Келісім Келісуші Жақтардың басқадай халықаралық шарттардан шығатын хұқтары мен міндеттеріне еш әсерін тигізбейді.

25-бап

1. Бұл Келісім Келісуші Жақтардың әрқайсысы дипломатиялық каналдар арқылы Келісімнің күшіне енуіне қажетті заңдылық процедуралар орындалғанын бір-біріне хабарлағаннан кейін 30 күн өткенде күшіне кіреді.

2. Бұл Келісім үш жылдық мерзімге жасалды және Келісуші Жақтардың біреуі оның күшін жою жөнінде өз тілегін екінші Келісуші Жаққа Келісім мерзімінің бітуінен 6 ай бұрын жазбаша түрде мәлімдемесе, онда бұл Келісім келесі үш жылдық мерзімге ұзартыла бермек.

Келісім Пекин қаласында 1992 жылдың 26 қыркүйек күні екі дана болып, қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды және барлық текстілері түпнұсқа болып саналумен қатар күштері де бірдей деп есептеледі.

(Қолдары)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы автомобиль қатынасы туралы келісімді қолдану жөніндегі Хаттама

Пекин қаласында 1992 жылдың 26 қыркүйек күні қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы Келісімді қолдану жөнінде төмендегідей келісімге қол жетті:

1. Аталған Келісімдегі құзырлы органдар ретінде мына органдар айтылады:

Қазақстан жағынан:

3, 12 және 21 баптар бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі;

2, 5, 9 және 10 баптар бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Көліктік құрылыс министрлігі;

7 және 12 баптар бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі, Көліктік құрылыс министрлігі және ішкі істер министрлігі.

Қытай жағынан:

2, 3, 5, 9, 10 және 21 баптар бойынша - ҚХР Коммуникация министрлігі және провинциялардың, автономиялық аудандардың, орталық бағыныстағы қалалардың коммуникация басқармаларының өкілеттіктері (департаменттері);

7 және 12 баптар бойынша - ҚХР Коммуникация министрлігі, ҚХР Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі және провинциялардың, автономиялық аудандардың, орталық бағыныстағы қалалардың коммуникация және қоғамдық қауіпсіздік басқармаларының өкілеттіктері (департаменттері).

2. Аталған Келісімдегі сөз тіркестерінің мағынасында мыналарды түсіну керек:

2.1. "Автокөлік" деген атау:

жүк тасымалдау кезінде - жүк автомобилін, тіркемелі жүк автомобилін, автомобиль сүйреткішін, немесе жартылай тіркемесі бар автомобиль сүйреткішін білдіреді;

жолаушылар тасымалдағанда - автобустарды, яғни жолаушылар тасымалдауға арналған, жүргізушінің орнын қоспағанда кемі 8 отыратын орны бар, сондай-ақ жүк тасымалдауға қажет тіркемесі бар автокөлік сүйреткішін білдіреді.

2.2. "жүйеленген тасымалдау" деген атау - Келісуші Жақтардың автокөлігімен күні бұрын келісілген қозғалыс кестесі сапардың бастапқы және соңғы пункттері мен аялдамалық пункттері көрсетілген жүріс маршруты бойынша жасалатын тасымалдарды білдіреді.

2.3. "жүйеленбеген тасымал" деген атау - жоғарыда айтылғандардан басқа барлық тасымалдарды білдіреді.

3. Келісімнің 5 бабында ескертілген рұқсаттар тасымалдаушылар мен жүк иелерін әр елдің ішкі заңдарына сәйкес жүкке қажетті кедендік рұқсаттар алу міндетінен босатпайды.

4. Келісімнің 8 бабының 2 тармағындағы тіркемелер мен жартылай тіркемелер жайында - жүк автомобильдерінде немесе автомобиль сүйреткіштерінде Қазақстан Республикасының болмаса Қытай Халық Республикасының тіркеу және айырмашылық белгілері болған жағдайда ғана тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа елдердің тіркеу және айырмашылық белгілері болуына мүмкіндік беріледі.

5. Келісімдегі 16 баптың 1 тармағындағы ереже автомобильдер мен автомобиль сүйреткіштердің өздерін дайындап шығарған зауытта арнайы орнатылған сыйымдылықтың ішіндегі жанармайға ғана, сондай-ақ рефрижераторлардың мұздатқыш қондырғыларының жұмысын қамтамасыз етуге арналған тіркемелер мен жартылай тіркемелердің үстінде орнатылған сыйымдылықтың ішіндегі жанармайға ғана таралады.

6. Келісімнің 18 және 19 баптарындағы "санитарлық бақылау" деген атау санитарлық, малдәрігерлік және фитосанитарлық бақылау ұғымдарын білдіреді.

7. Келісуші Жақтардың бірінің автокөлігімен транзиттік түрде екінші Келісуші Жақтың аумағы (территориясы) арқылы өтетін жүк пен жолаушылар тасымалы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің (Қазақстан территориясында) және ҚХР коммуникация министрлігінің (ҚХР территориясында) мақұлдауымен жасалады. Әрбір мұндай тасымал тек бір рейстің әрі-бері барып қайтуына хұқ беретін арнайы рұқсат алғаннан кейін ғана атқарылатын болады.

Келісімнің ажыратылмас бөлігі саналатын бұл хаттама Пекин қаласында 1992 жылдың 26 қыркүйек күні екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, қытай, орыс тілдерінде жасалды және барлық текстердің күші бірдей деп есептеледі.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК